

6D020500 – «Филология (қаз)» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Шахажанова Гульнар Каримжановнаның «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Шахажанова Гульнар Каримжановнаның «С. Қасқабасов - фольклортанушы ғалым» атты ғылыми зерттеу жұмысы үш үлкен бөлімнен тұрады. Әр бөлім үш тарауға жіктелген. Ізденушінің С. Қасқабасов шығармашылығына арналған зерттеулері «Қазақ аңызтану мәселелері және С. Қасқабасов» деген бөлімнен басталады. Бұл бөлім «С. Қасқабасовтың қазақ аңыздары туралы еңбектері», «Мифология және қазақ мифтері», «Әпсана және әпсана-хикаят» деп аталатын үш тараудан тұрады.

Бірінші тарауда аңыздың әдеби жанр ретіндегі ерекшеліктерін, кейіпкерлерін, аңыздық прозаның төрт түрін, тарихилығын, ғалымның қалай саралағанына талдау жасалады. Аңызды айтушылар мен жеткізушілер танымы мен түсінігін, оларды қабылдауына қарай өзгерісін, ел басындағы жайларды топтап суреттеуін жанр табиғатын сипаттаудағы негізгі белгілер ретінде көрсетуінің әдістемелік жағынан өзін-өзі ақтап тұрған ғылыми негіздеме екендігін диссертант байқаған.

«Мифология және қазақ мифтері» деп аталатын екінші тарауда С. Қасқабасовтың қазақ мифологиясы жайындағы зерттеулері ұлттық сана мен ойдың басты тірегін негіздеуінде, қазақ мифтері арқылы таным мен сананың, ақыл-ойдың өрістеуі мен сатылап өзгеруі туралы деректерді беретін мифтер екендігін аңдатып, фольклортанушы ғалымның мифтің қоғаммен байланысын тереңдей ашудағы соны көзқарастарын ашып көрсетеді. Ғалымның мифке қатысты ойларын жинақтап, мифтің алғашқы қауымдық құрылыста туатындығы, басты белгісі – қастерлілік (сакральность) болатындығын, ол жоғалса, оның ертегіге айналатынын, ол адамнан жоғары санамен байланысты деген ғылыми тұжырымдары қазақ мифологиясындағы басты ұстаным ретінде маңызды екендігіне тоқталады.

Мифті сюжеттік мазмұнына қарай: аспан денелері туралы-космогониялық; аң-құстардың, жан-жануарлардың, табиғат құбылыстарының жаратылысы туралы - этиологиялық; адам және олардың шығу тарихы туралы - генеологиялық деп жіктейтінін, сонымен бірге оның қоғамдық санамен сабақтастығын да дұрыс анықтай білгендігін үлкен бағдарламалық жосын ретінде бағалайды. С. Қасқабасовтың құлиеленуші қоғамда миф мифологияға айналып, көркемденеді, рулықтан – феодализмге өткен қоғамда (бірқұдайлы дін) мифтің әрі қарай жүйеленуіне мүмкіндік бермейді, феодалдық қоғамда миф емес, фольклордың басқа жанрларының қызметі күшейген деген пікірі көркемөнердің қоғамдық қызметі мен міндеттерін де анықтайтын сипаттарымен өзгеше екендігіне назар аударады.

«Әпсана және әпсана-хикаят» туралы ғалым еңбектерінде «әпсана-хикаят», «әпсана» және «хикаят» болып, жеке де қосарлана да қолданылады.

Хикаяларды аңыздық проза жанрына жатқызады. Оның өзгешелігі – қиял мен мифтік кейіпкерлері: мифтік мақұлықтар мен құбыжықтар жезтырнақ, жалғыз көзді дәу, үббе, албасты, күлдіргіш, шайтан, пері, дию т.б. болып келетін діни наным мен сенімді бейнелері деп белгілейді. Зерттеуші ғалымның хикаяның жанрылық белгілеріне шығармадағы оқиға көбіне ертегілер ішінде бірінші жақтан әңгімеленуі, сюжеттің күнделікті адамдар өміріне құралуы, мифтік кейіпкер сипатындағы ортақтық, нақтылы бір жағдайларға байланысты айтылуы, мифтік кейіпкер, сюжеттің кейбірінің трагедиямен аяқталуы, сюжет желісінің тылсым оқиғалар мен әдеттен тыс жағдайларға құрылатындығы: түн іші, екі кештің арасы, тау іші, орман арасы, айдала, орман, қамыс арасы, белгісіз жалғыз адамның кездесуі т.б., Оқиға 3-жақтан баяндалғанда әңгімелеуші естіп едім деп, сол оқиғаны бастан кешкен адамды білетініне куәлік бере айтуы, өзі сене айтқандықтан да, тыңдаушыларды да сендіруі деп эпсананың басты сипаттарын көрсеткен. Оған мысал ретінде «Қара мерген», «Еділ-Жайық», «Мамай батырдың арманы», «Боран батыр» т.б. хикаяларын келтіреді.

Эпсананың көркемдік-сюжеттік желісінің ерекшеліктері ретінде тарихи дерек негізгі рөлді атқармайтынын, жер аттарының тек атаулар қалпында қолданылуын, көркемдік тәсілдердің молдығын, қиял-ғажайыптың басымдығын атап көрсетеді. Негізгі мақсаты – ғибрат беру, өнеге, үлгі көрсету, идеясы – адамгершілік, моральдық, нысана, шешімі - бақытты тұрмыспен аяқтала бермеуі, қайғымен түйінделер жерлері де молдығы деп белгілеп, «Ескендір», «Қорқыт», «Асан Қайғы» туралы эпсаналарды мысалға алып шегендейді.

С. Қасқабасовтың эпсана-хикаяттардың басты ерекшелігі деп алатын қоғамның ыңғайына қарай өзгеруіндегі генеологиялық тұтастанудың (циклизациясының) болуы, әлеуметтік сарынның көрінісі, кейіпкерлерінің мақсатының әр түрлі суреттелуі деген ғылыми тұжырымы эпсана-хикаяттың идеясын ашып, көркемдігін де анықтауға негіз болады деген түйіндеме жасайды.

«Қазақ ертегітану мәселелері және С. Қасқабасов» деп аталатын екінші бөлімінің алғашқы «Ертегінің жанрлық сипаттары туралы» тарауында қазақ фольклортану ғылымындағы С. Қасқабасовқа дейінгі ертегі жанрының зерттелу тарихнамасына шолу жасалады. Әр кезеңдегі ертегі жанрын зерттеудің өз міндеттері болғандығын жүйелей келіп, ғалым Аарне-Томпсон жүйелеуі бойынша қазақ қиял-ғажайып ертегілерінің әлем халықтарымен ұқсас 47 сюжетін, оның 15-і басқа халықтардан ауысқан, 20 сюжет қазақтың өзіне тән деген тұжырым жасауы негізінде 2011 жылы шыққан «Бабалар сөзі» 100 томдығының басылуындағы жүйелі іс пен ғылыми дәлдікке назар аудартады. С. Қасқабасовтың төрағалығымен, жауапты редакторлығымен қиял-ғажайып ертегілер Аарне-Томпсон жүйесіндегі каталог негізінде сюжеттер бойынша жіктелді, әрі ғылыми түсініктемелер берілді. Ғалым басшылығымен орындалған іргелі зерттеудегі бір ғана «Қарамерген» ертегісіне 80-ге жуық қайта түзетулер жасалғандығы бұл саладағы мол да қажырлы, терең ғылыми талдауды қажет етекендігін нақтылай түседі.

Ғалым жіктеуіндегі қазақ ертегілерінің 5 тобын көрсетіп, әр топтың жанрлық белгілерін анықтайды. Ертегінің тектік циклі, басталуы, сюжеттік схемасы әрбір түрінің белгілерін нақты танытатындығы айқындалады.

«Ертегінің поэтикасы жөніндегі зерттеулері» деп аталатын екінші тарауында ертегі поэтикасын қарастырудағы композициясы мен тіл өрнегі туралы академик С. Қасқабасов пайымдауларына егжей-тегжейлі тоқталады. Академик назар аударған көркемдік тәсілдерге талдау жасалады. Мысалы әсірелеу қолданылатын тұстар: кейіпкер жүретін кеңістік, ертегі қаһарманы, қаһарманның аты, достары, дұшпандары, қарсыластары.

Әсірелеу— эпикалық бейне жасауда қолданылатын негізгі көркемдік тәсілдің бірі. Фольклорлық шығармаларда тек кейіпкердің өзі ғана емес, оның қасындағылар да, қарсыластары да әсірелей суреттеледі. Дүниеге келе сала жылдап емес, айлап, айлап емес, күндеп өсетін кейіпкерлер ерен күш-қуатқа ие болады. Қазақ ертегілеріндегі көркемдіктің негізгі қызмет атқаратындығын бірнеше ертегілер арқылы дәлелдеп көрсетеді.

«Қазақ ертегілерінің текстологиясы туралы» тарауда С. Қасқабасовтың қазақ ертегілерінің ғылыми негіздерін жасаудағы, оның текстологиялық жұмыстарына талдау жасайды. Текстологиялық жағынан қандай шарттарды орындауы керек, ғылыми аппараты қандай болуы тиіс деген сұрақтарға жауап береді. Сонымен бірге құрылымы мен талаптары, мақсат-міндеттерін нақтылап көрсетеді. Ғалымның теориялық тұжырымдары «Бабалар сөзі» жүз томдық жинағында тәжірибелік тұрғыдан көрініс тапқан. Бұл зерттеу нәтижелерінде тұжырымның жинақылығын, дәйектілігін, нақты ғылыми талдауларға бағытталған жүйелілігін, тандалынып алынған әдіс-тәсілдерінің орынды екендігін дәлелдегенін Г. К. Шахажанова дұрыс анықтай білген.

«Қазақ эпостану мәселелері және С. Қасқабасов» деп аталатын үшінші бөлімінің бірінші тарауына «Эпос табиғаты туралы» деген айдар тағылып, ғалымның эпос жанрының белгілеріне берген сипаттамаларына талдау жасалады. Эпос – қазақ фольклорындағы көлемді, іргелі жанр түрі болып табылады. Ғалым эпос табиғатының ертегілермен тарихи туыстастығын, сюжет, жанрлық жақындық, көркемдік және образдылықпен анықтайтынын «Алпамыс батыр», «Қобыланды батыр» жырларында ел мүддесі алға шықса, «Ер Тарғын», «Едіге» жырларында Алтын Орда дәуірінің көрінісі бар екендігін алға тартады. Эпос ежелгі ру-тайпалық сарынды сақтаған. Сюжет бір ата, бір рудың жайын баяндаудан бастап, елдің, жұрттың жайына жалғасып кетеді. Жанрды шығу тегі, мақсат-мүддесі, мазмұнына қарай: көне эпос, батырлық эпос, ғашықтық эпос, тарихи эпос, дастандық эпос, ғашықтық дастандар, қаһармандық дастандар, діни дастандар, әлеуметтік сүйіспеншілік дастандар, ертегілік дастандар, балладалық жыр деп бөлудің ғылыми негіздерін ашып береді.

«Эпос түрлерін жіктеуі» тарауында оны іштей 11 жанрлық түрге бөліп, әрбірінің өз белгілерін анықтайды. Көне эпоста мифтік желі, сарындар, ертегі сюжеттерінің көп болуы, үш әлем түсінігінің кездесуі, дәстүр, таным, салт жоралғыларының мол сақталуы, кейіпкерлердің құбылуы, екінші түрге өзгеруі, сөздің магиялық күшке мән берілуі, сюжеттік-тақырыбы батырлық

және аңшылық мазмұнның болуы деп ерте дүниелік белгілермен негіздейді.

Батырлық эпосқа «Қобыланды батыр» жырын алып, ондағы анимистік, тотемистік сенімдер, идеал кейіпкердің суреттелуі, тәрбие алар ортасының болуы, жеті кәміл пірінің батырды елеп-жебеп жүруі, Құртқа сияқты идеал әйел бейнесінің болуымен белгілейді. Осындай белгілер арқылы зерттеуші ғалым еңбектеріндегі ғашықтық эпостар, дастандар, балладалық жыр, тарихи жыр түрлерін талдайды. Ғалымның эпос түрлері туралы ғылыми тұжырымдары толық қамтылып зерттеліп, жүйеленген.

«С. Қасқабасов – қазақ фольклортану ғылымының мәртебесі мен теориясын негіздеуші» деп аталатын тарауда ғалымның осы саладағы еңбектерін 9 бағытқа жіктейді: фольклортануға арналған ғылыми-зерттеу еңбектері, ұжымдық еңбектерге қатысуы, фольклорлық экспедиция құрамында болуы, жинақтар шығарушылар құрамында және ғылыми жинақтарды шығаруға басшылық етуі, фольклор мәселелеріне, әдебиеттің көкейкесті тұстарына, ұлт тарихы мен руханиатындағы ақтандақтарды ақтау, әдебиет тарихын қалпына келтіру т.б. істердің басы-қасындағы еңбектері, әдеби шығармаларды аударуы, мемлекеттік жоспарлы жұмыстарға қатысуы, тәуелсіз елдің алғашқы құжаттамалық негіздерін жасаудағы үлесі, фольклортануды зерттеушілердің тәуелсіз елдегі жаңа буын өкілдерін, ғалым-зерттеуші кадрларды дайындаудағы еңбектері деп талдауы өте орынды деп бағалаймын. Қазақ фольклорындағы 5 өзекті тұсты көтергенін, қазақ фольклорын зерттеушілердің ғылыми мектебін қалыптастырғанын дұрыс белгілеген.

Диссертант ғалымның қазақ фольклорының болашақ міндеттеріне қатысты пікірлерінен фольклорлық шығарма нені айту керек, қалай айту керек деген мәселеге байланысты оның: танымдық, эстетикалық, сөйілдік қызметтерін, тәрбиелік мән-маңызын бөліп көрсетеді.

Диссертант Шахажанова Гульнар Каримжановна академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовтың қазақ фольклортану ғылымына арналған еңбектерін зерттей келіп, ғалымның бұл саладағы еңбектері кейінгі зерттеулерге терең тұжырымдарымен, нақты дәлелдерімен, қисынды ойларымен негіз болатындығын жүйелі, ғылыми деректі, дәлелді пайымдарымен анықтаған.

Шахажанова Гульнар Каримжановнаның «С. Қасқабасов – фольклортанушы ғалым» атты диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға жіберуге лайықты деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:


Филология және

журналистика

кафедрасының меңгерушісі, филология

ғылымдарының докторы,

профессор



Н.Қ. Жүсіпов